

1-БЛОК: Өзін-өзі тану

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Мұғалімнің оқушымен өзара әрекеттесудегі ізгі стилдің сипаттамасы
 - А) әрбір оқушының пікірін ескереді, оқушылармен бірлесіп шешім қабылдайды, мақсатқа қол жеткізеді, қатаң тәртіп ұстанады, балаға шектеулі рухани әлеуетке ие құбылыс ретінде қарайды
 - В) әрбір оқушының пікірін қабылдайды, оқушылармен бірлесіп шешім қабылдайды, мақсатқа қол жеткізеді, тәртіпке немқұрайлы, балаға биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде қарайды
 - С) әрбір оқушының пікірін қабылдайды, шешім шығару жауапкершілігін қоршаған ортаға жүктейді, мақсатқа қол жеткізуге талпынбайды, тәртіпке немқұрайлы, балаға биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде қарайды
 - Д) әрбір оқушының пікірін ескереді, оқушылармен бірлесіп шешім қабылдайды, мақсатқа қол жеткізеді, тәртіп ұстанады, балаға шексіз рухани әлеуетке ие құбылыс ретінде қарайды
 - Е) қоршаған ортаның пікіріне құлақ аспайды, жеке өзі шешім қабылдайды, мақсатқа қол жеткізеді, қатаң тәртіп ұстанады, балаға биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде қарайды
2. Ең алғаш адам санасының құрылымын анықтап, түпкі сана аумағын сипаттаған ғалым
 - А) Г. Олпорт
 - В) К. Юнг
 - С) К. Хорни
 - Д) Э. Эриксон
 - Е) З. Фрейд
3. Кемелдендіруші педагогикадағы педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты
 - А) қоғамның функционалды бірлігі ретіндегі адамның стандартталған типін қалыптастыру
 - В) әлеуметтік тапсырысқа сәйкес тұлға қалыптастыру
 - С) қоғамда жетістікке жету үшін тұлғалық қабілеттерді жан-жақты дамыту
 - Д) адамдағы рухани бастауды және жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару
 - Е) кәсіби дағдыларды меңгеруге, әлеуметтенуге мүмкіндік беретін тұлғалық қабілеттерді дамыту

4. Адамзат тарихындағы ұлы ұстаздардың ілімдерін біріктіретін негізгі ұстанымдар
- A) авторитарлық тәрбие әдістерінің күшіне деген сенім
 - B) тұлғаны тек тәрбие үдерісінде ғана тәрбиелеу
 - C) тұлғаны тек оқыту үдерісінде ғана тәрбиелеу
 - D) әрбір адамда жоғары Рухани бастаудың бар екендігіне деген сенім
 - E) әрбір адамда жықсылық пен жамандықтың бар екендігіне сенім
5. Заманауи философтардың пайымдауынша адам тіршілігінің қайталанбас ерекшелігі
- A) әлемді сезімдік тұрғыда қабылдаудың рухани кемелденудің маңызды шарты болып табылуында
 - B) тек адамның ғана өзінің жоғарғы санасын пайдалана отырып, өзінің рухани табиғатын және өзінің бүкіл ғаламмен ішкі байланысын ұғына алатындығында
 - C) тұлғаның интеллектуалдық дамуының оның рухани қалыптасуына әсер ететіндігінде
 - D) адам іс-әрекетінің оның өзін-өзі тануына және өзін-өзі кемелдендіруіне әсер ететіндігінде
 - E) адамның ғана өзінің рухани табиғатын ұғына алатындығында
6. Адамзаттың рухани-адамгершілік мұрасын зерттеудің мәні
- A) ұлы тұлғалардың ілімдеріндегі рухани бірлікті анықтау, жинақтау
 - B) зайырлы ғылымның дамуында
 - C) мәдениеттің өркендеуінде
 - D) адамзат мұрасының өнер негіздерінің қайта жаңғыруында
 - E) адамның зерттеушілік қабілетінің дамуында
7. Тұлғаның иерархиялық құрылымындағы рухани деңгей – бұл
- A) физикалық дененің дамуымен байланысты адам табиғатының көрінетін деңгейі
 - B) адамның жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін ойлар
 - C) жалпыадамзаттық құндылықтар көрініс табатын ақыл-парасат, жақсылық пен жамандықты ажырата білу қабілеті
 - D) жоғарғы сана деңгейі, адамның жоғарғы «Мені»
 - E) адамның түпкі санасында пайда болатын сезімдер, эмоциялар, темперамент

8. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың қағидалары
- A) тұтастылық, жүйелілік, бірізділік, көрнекілік
 - B) ізгілікке бағыттылық, жалпыадамзаттық құндылықтар, әлеуметтік өзара әрекеттестік, ұлттық мұра, табиғи сәйкестілік
 - C) өзара шарттылық, тұтастылық, табиғи сәйкестілік
 - D) ғылымилық, бірізділік, білім алушының жеке ерекшеліктерін есепке алу
 - E) әлеуметтік өзара әрекеттестік, ұлттық мұра, табиғи сәйкестілік
9. Педагогиканың қалыптастырушы, қабілеттерді дамытушы, кемелдендіруші типтері сипатталған классификация авторы
- A) Ш.А. Амонашвили
 - B) Н.Д. Хмель
 - C) А.С. Макаренко
 - D) Г.С. Батищев
 - E) К.Д. Ушинский
10. «Өзін-өзі тану» пәніндегі адамның физикалық, психикалық және рухани-адамгершілік табиғатын бірлікте қарастыратын зайырлы білім қағидасы
- A) ұлттық мұра
 - B) жалпыадамзаттық құндылықтар
 - C) ізгілікке бағыттылық
 - D) табиғи сәйкестілік
 - E) әлеуметтік өзара әрекеттестік
11. Адам өміріндегі жоғарғы сананың рөлі
- A) сыртқы әлемнен келетін ақпараттарды қабылдауға және өңдеуге көмектеседі
 - B) жұмыс қабілетіне ықпал ететін сыртқы әлемнің ақпаратын қамтиды
 - C) психоэмоционалдық реакциялар түрінде көрінетін сыртқы әлемнің бүкіл ақпаратын қамтиды
 - D) ақпараттарды пайдалылығы бойынша сұрыптайды
 - E) шынайы мен жалғанды ажыратуға, өзінің шынайы табиғатын ұғынуға көмектеседі, адамды шынайы рақатқа бөлейді, шығармашылық қуатын арттырады
12. Шынайы көшбасшының негізгі қасиеттері
- A) идеяларды ұсына білу
 - B) риясыздық, ойдың, сөздің және істің адамгершілікке құрылып, үйлесімділікте өмір сүре білу
 - C) шынайы, сүйіспеншілікпен, анық және қарапайым сөйлей білу
 - D) келешекті және оның салдарларын көре білу қабілеті
 - E) шешім қабылдай білу қабілеті, жауапкершілік

13. Изгілік педагогикасының көзқарасы бойынша мұғалім
- A) тәрбиелік шараларды ұйымдастыра отырып, тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді
 - B) бала бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығарады, әлемге деген дұрыс қатынас қалыптастырады, ар-ұжданға сәйкес өмір сүруге баулиды.
 - C) ғылым негіздерін оқытады
 - D) баланың эстетикалық дамуына мүмкіндік туғызады
 - E) баланың ақыл-ой дамуымен айналысады
14. «Егер мұғалімнің өз ісіне деген сүйіспеншілігі болса, ол жақсы мұғалім. Егер мұғалім оқушыға әке-шешесі секілді сүйіспеншілікпен қарайтын болса, онда ол барлық кітапты оқыған, алайда өз ісіне де, оқушыларға да сүйіспеншілігі жоқ мұғалімнен әлдеқайда жақсы болады. Егер мұғалім өз ісіне және шәкіртке деген сүйіспеншіліктерін біріктіретін болса, онда ол – кемел мұғалім». Берілген қанатты сөздің авторы
- A) Ы. Алтынсарин
 - B) Л.Н. Толстой
 - C) А.С. Макаренко
 - D) М. Жұмабаев
 - E) Ш.А. Амонашвили
15. М.Л. Чиббер теориясы бойынша көшбасшылық үдерісі – бұл
- A) айту, көрмеу, істемеу, болмау
 - B) болу, істеу, көру, айту
 - C) көру, істеу, айту
 - D) айту, көру, істеу
 - E) айту, көру, істемеу
16. Гуманистік психологияның негізін салушылар
- A) Дж.Б.Уотсон, Б.Ф.Скиннер
 - B) К. Дункер, К. Левин
 - C) А. Маслоу, К. Роджерс
 - D) К. Юнг, Э. Фромм
 - E) З.Фрейд, Э.Эриксон

17. Білім беру ұйымдарында оқудан тыс іс-әрекетті ізгілендірудің жолдары
- A) оқудан тыс іс-әрекет мазмұнының құндылықтық әлеуетін көтеру мақсатында, рухани-адамгершілік біліммен интеграциялау
 - B) әрбір оқу пәнінің мазмұнындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару
 - C) «Өзін-өзі тану» пәнінің белсенді әдістерін қолдану
 - D) «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру идеяларын жүзеге асыру
 - E) «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын мектептің тәрбие кеңістігіне интеграциялау, білімдік және тәрбиелік қызметтермен тығыз өзара байланыс орнату
18. «Өзін-өзі тану» пәні мен басқа оқу пәндерінің сыртқы интеграциясы – бұл
- A) өзін-өзі тану сабағын жаңартылған білім мазмұны бойынша өткізу
 - B) тәжірибеге бағдарланған білім
 - C) биологиялық, әлеуметтік және жоғары рухани табиғатқа ие адам мен әлемді тұтас қабылдау
 - D) «Өзін-өзі тану» пәнінің әдістемелік тәсілдерін қолдану
 - E) «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру идеяларын жүзеге асыру
19. Парасатты ақылмен салыстырғанда ақыл
- A) ауада салынған тас қамалдарда адасып жүреді
 - B) көптеген шексіз идеяларға ие
 - C) рухани деңгейді басқарады
 - D) эмоцияларға бағынады
 - E) шынайы мен жалғанды, мәңгілік пен уақытшаны ажырату күшіне ие емес
20. Өзін-өзі тану мен басқа оқу пәндерін интеграциялау – бұл
- A) «Өзін-өзі тану» сабағында сыни тұрғысынан ойлауды дамыту тәсілдерін қолдану
 - B) әрбір оқу пәнінің мазмұнындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару
 - C) оқушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру
 - D) тәжірибеге бағдарланған білім, сыни тұрғысынан ойлауды дамыту
 - E) өзін-өзі тану сабағын жаңа технологияларды қолдану арқылы өткізу
21. Адамның шынайы «Менінің» күш-қуаты болып табылатын жоғарғы сананың (интеллект) көрінісі
- A) эмоциялар
 - B) әсерлер
 - C) қалаулар
 - D) білімдер
 - E) ерік

22. Оқудан тыс іс-әрекет аясында қайырымдылық акцияларын ұйымдастырудың және өткізудің ережелері
- A) қайырымдылық іс-шаралардың жүйелі сипатта болуы, міндетті түрде қорытындылау, ересектердің қатысуы
 - B) қайырымдылық іс-шаралардың жүйелі сипатта болуы, міндетті түрде қорытындылау, ересектердің қатыспауы
 - C) қайырымдылық іс-шаралардың жүйелі сипатта болуы, міндетті түрде қорытындылау, ақшалай қаражат жиналымының болуы
 - D) қайырымдылық іс-шаралардың бір реттік сипатта болуы, қорытындылау қажеттілігінің болмауы, ересектердің қатысуы
 - E) қайырымдылық іс-шаралардың стихиялық сипатта болуы, міндетті түрде қорытындылау, ересектердің қатысуы
23. Ш.А. Амонашвилидің пікірінше жанды білім
- A) рухтандырады, ғылыми білімдердің аясын шектейді, жарқын өмір мен эволюцияға жол ашады
 - B) рухтандырады, ойлаудың дамуына ықпал етеді
 - C) рухтандырады, ғылым көкжиегіне жетелейді, жарқын өмір мен эволюцияға жол ашады
 - D) сыни ойлауды дамытады, функционалдық сауаттылықты қалыптастырады
 - E) сыни ойлауды дамытады, жарқын өмір мен эволюцияға жол ашады
24. Жоғарғы сананың (интеллект) қызметі
- A) ақылды бағыттау және қадағалау
 - B) рухани деңгейді басқару
 - C) эмоцияларды бағыттау және қадағалау
 - D) дене қажеттіліктеріне құлақ түру
 - E) ақылға бағыну
25. Ақиқат құндылығына сәйкес келетін тұлғаның құрылымдық деңгейі
- A) рухани
 - B) интеллектуалдық
 - C) менталдық
 - D) эмоционалдық
 - E) физикалық
26. Т.И. Петракованың классификациясында сипатталған құндылықтар тобы
- A) жаһандық, ситуативтік
 - B) табиғи, тұлғалық, жүре пайда болған
 - C) табиғи, жүре пайда болған, абсолюттік жалпыадамзаттық
 - D) базалық, оперативтік, абсолюттік жалпыадамзаттық
 - E) базалық, оперативтік

27. Ақыл – бұл кілт, жүрек – құлып. Адам өмірі бақытқа толу үшін кілтті
- A) рухани құндылықтарға қарай бұрау керек
 - B) дене мен сезімдерге қарай бұрау керек
 - C) материалдық құндылықтарға қарай бұрау керек
 - D) оңға қарай бұрау керек
 - E) солға қарай бұрау керек
28. Ата-ананың бала мінез-құлқына теріс әсер ететін қарым-қатынас типтері
- A) орынсыз қамқорлық, көнгіштік, үрей; материалдық дүниеге қызықтырумен, зорлық-зомбылықпен тәрбиелеу, тәрбиеге көңіл бөлмеу
 - B) орынсыз қамқорлық, көнгіштік, үрей; жоғары талаптар қою, өз бетімен жіберу; тәрбиеге көңіл бөлмеу
 - C) жоғары талаптар қою, өз бетімен жіберу; материалдық дүниеге қызықтырумен, зорлық-зомбылықпен тәрбиелеу, тәрбиеге көңіл бөлмеу
 - D) орынсыз қамқорлық, көнгіштік, үрей; жоғары талаптар қою, өз бетімен жіберу; материалдық дүниеге қызықтырумен, зорлық-зомбылықпен тәрбиелеу, тәрбиеге көңіл бөлмеу
 - E) орынсыз қамқорлық, көнгіштік, үрей; жоғары талаптар қою, өз бетімен жіберу; материалдық дүниеге қызықтырумен, зорлық-зомбылықпен тәрбиелеу
29. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беруді оқу пәндеріне интеграциялау – бұл
- A) тұтас білім, мектеп білімінің ғылымилығы, оның рухани-адамгершілік болмысын жарыққа шығару, ғылыми білімдер мен заманауи ғылыми жаңалықтар негізінде барлық пәндердің бірігуі
 - B) тұтас білім, мектеп білімінің ғылымилығы, жалпыадамзаттық құндылықтар және саналуандықтағы бірлік негізінде барлық пәндердің бірігуі
 - C) мектеп білімінің жандануы, оның рухани-адамгершілік болмысын жарыққа шығару, жалпыадамзаттық құндылықтар және саналуандықтағы бірлік негізінде барлық пәндердің бірігуі
 - D) мектеп білімінің жандануы, оның рухани-адамгершілік болмысын жарыққа шығару, ғылыми білімдер мен заманауи ғылыми жаңалықтар негізіндегі барлық пәндердің бөлшектенуі
 - E) тұтас білім, мектеп білімінің жандануы, оның рухани-адамгершілік болмысын жарыққа шығару, жалпыадамзаттық құндылықтар және саналуандықтағы бірлік негізінде барлық пәндердің бірігуі

30. Заманауи сабақтың мақсаты

- A) сыни ойлай алатын, өзін-өзі тануға ұмтылатын, қоршаған әлемді рухани байытуға қабілетті адамды тәрбиелеу
- B) жағымды ойлай алатын, жетістікке жетуге ұмтылатын, қоршаған әлемді материалды тұрғыда байытуға қабілетті адамды тәрбиелеу
- C) жағымды ойлай алатын, өзін-өзі тануға ұмтылатын, қоршаған әлемді рухани байытуға қабілетті адамды тәрбиелеу
- D) жағымды ойлай алатын, өзін-өзі тануға ұмтылатын, қоршаған әлемді рухани байытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру
- E) сыни ойлай алатын, функционалдық сауаттылықты жүзеге асыруға ұмтылатын, ғылыми-техникалық прогресті жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру

31. В.А. Сухомлинскийдің ойынша адамның отбасында ең алғаш жасап үйренетін әрекеті

- A) жақсылық жасау
- B) тіл алу
- C) жақындарына қарайласу
- D) еңбексүйгіштік
- E) жүктелген тапсырмаларды орындау

32. Отбасындағы бақытты және үйлесімді өмірдің іргетасы – бұл

- A) еңбексүйгіштік, кәсібилік, карьеризм
- B) немқұрайлылық, жауапсыздық, әлеуметтік табыс
- C) материалдық молшылық пен әлеуметтік табыс
- D) бірлік, түсіністік, сүйіспеншілік, қызмет ету, парыз, жауапкершілік
- E) сүйіспеншілік, материалдық молшылық, тәртіп

33. Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар –

- A) үй, бейбітшілік, даналық, үйлесімділік, отан
- B) сүйіспеншілік, жақсылық, тыныштық, өмір, бақыт
- C) ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау
- D) мейірімділік, достық, қайырымдылық, адалдық, мақсатқа ұмтылушылық
- E) бақыт, сұлулық, отбасы, денсаулық, отан

34. Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығарған кезде табиғи және жүре пайда болған құндылықтар

- A) ақыл-ой қабілеттеріне, құзыреттіліктерге айналады
- B) нақты бір тұлғаның маңызды құндылықтарына айналады
- C) адамгершілік қасиеттеріне айналады
- D) өзгеріссіз қалады
- E) кәсіби сапаларға айналады

35. Баланың бойында төмендегі қасиеттерді тәрбиелеу әкенің міндеті
- A) тілалғыштық, еңбекқорлық, қамқорлық
 - B) жауапкершілік, тәртіптілік, нәзіктік
 - C) мейірімділік, қамқорлық, нәзіктік, адалдық
 - D) немқұрайлылық, жауапсыздық
 - E) қайсар мінез, батылдық, ержүректік
36. Ақылдың міндеті
- A) сезімдерді қадағалау
 - B) әсерлерді қабылдау
 - C) рухани деңгейді басқару
 - D) эмоцияларға бағыну
 - E) жаңа білімдерді меңгеру
37. Өзін-өзі тану сабағындағы жобалық іс-әрекет ұйымдастырылады
- A) мұғалімнің басым іс-әрекетімен
 - B) оқушының достарының басым іс-әрекетімен
 - C) ата-аналардың басым іс-әрекетімен
 - D) оқушылардың басым іс-әрекетімен
 - E) мұғалім мен ата-аналардың басым іс-әрекетімен
38. Өзін-өзі тану сабағының құрылымдық компоненті жағымды көңіл-күйге келу әдістемелік тәсіліне сипаттама
- A) тақырып пен жалпыадамзаттық құндылықты сипаттауы тиіс, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс, рухани-адамгершілік әңгімеден кейін материалды бекіту мақсатында ұйымдастырылады
 - B) Сабақтың бастапқы кезеңінде 1,5-5 минут аралығында өткізілетін, оқушыны жағымды ойлауға, қалыпты, байсалды әрекет етуге бағытталған ізгі әдіс.
 - C) жағымды болуы тиіс, тақырып пен жалпыадамзаттық құндылықты сипаттауы тиіс, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес және қабылдауға оңтайлы болуы керек
 - D) терең рухани мазмұнда болуы тиіс, тақырып пен жалпыадамзаттық құндылықты сипаттауы тиіс, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес және қабылдауға оңтайлы болуы керек
 - E) оқиға желісіндегі құндылықты сипаттауы тиіс, сабақтың соңында өткізіледі
39. Өзін-өзі тану сабағының мақсатында белгіленуі тиіс
- A) сабақтан күтілетін нәтижелер
 - B) сабақтың идеясына сәйкес қасиеттер
 - C) сабақтың тақырыбымен байланысты жалпыадамзаттық құндылық
 - D) сабақтың негізгі идеясы
 - E) таңдалған жалпыадамзаттық құндылыққа сәйкес қасиеттер

40. Өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті – бұл
- A) Сабақта меңгерген құндылықты күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік беретін жемісті іс-әрекет түрі
 - B) оқушылар зерттеушінің, ғалымның рөлін сомдауға мүмкіндік алатын іс-әрекет
 - C) күнделікті өмірде меңгерілген білімдерді қолдану
 - D) өзінің жеке шығармашылық әлеуетін ашу
 - E) сабақта меңгерілген білімдерді практикалық қолдану
41. «Өзін-өзі тану» пәніндегі ұзақ мерзімді жобалық іс-әрекеттің мақсаты
- A) сынып ұжымының ұйымшылдығын қалыптастыру
 - B) оқушылардың ұжымдық рухын қалыптастыру
 - C) риясыз қызмет ету дағдыларын қалыптастыру
 - D) практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру
 - E) коммуникативтік қабілеттерді дамыту
42. Жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару қағидасы – бұл
- A) балаға сүйіспеншілік таныту, қамқор болу
 - B) баланы қабылдау және түсіну
 - C) баланы ойын түрінде тәрбиелеу
 - D) тумысынан берілген тұлғаның шексіз әлеуетін, ішкі байлағын ашу
 - E) адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, танымдық қабілеттерді дамыту
43. Өзін-өзі тану сабағының құрылымдық компоненті топпен ән айтуға сипаттама
- A) әндер жағымды болуы тиіс, тақырып пен жалпыадамзаттық құндылықты сипаттауы тиіс, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес және қабылдауға оңтайлы болуы керек
 - B) тақырып пен жалпыадамзаттық құндылықты сипаттауы тиіс, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс, рухани-адамгершілік әңгімеден кейін материалды бекіту мақсатында ұйымдастырылады
 - C) ән айту адамның эмоционалдық қозу күйін қалыптандыруға бағытталған, 3-10 минут аралығында өткізіледі
 - D) Сабақ тақырыбы мен құндылықты сипаттауы тиіс, ән мәтіні рухани құндылықтар мен қасиеттерге сәйкес болуы керек. Сабақтың соңында өткізілетін әдістемелік тәсіл.
 - E) терең рухани мазмұнда болуы тиіс, тақырып пен жалпыадамзаттық құндылықты сипаттауы тиіс, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес және қабылдауға оңтайлы болуы керек

44. Өзін-өзі тану сабақтарында айтылатын әндердің мазмұнында
- A) мұғалім тарапынан әңгімеленген оқиға мазмұнындағы құндылық сипатталуы керек
 - B) қысым жеңілденуі, өзіне деген сенімділік нығаюы, коммуникативтік дағдылары дамуы керек
 - C) білімдер бекітілуі керек
 - D) оқушылардың қиялы жандануы, коммуникативтік дағдылары дамуы керек
 - E) шығармашылық жалпыадамзаттық құндылықтармен бірігуі керек
45. Өзін-өзі тану сабақтарындағы тестілеудің негізгі мақсаты
- A) оқушылардың жеке типологиялық ерекшеліктерін анықтау
 - B) оқушылардың жасайтын әрекеттерін анықтау
 - C) оқушылардың бойындағы құндылықтық категориялардың өзгеруін және олардың құндылықтарға деген қатынасын анықтау
 - D) оқушылардың тұлғалық даму деңгейін анықтау
 - E) оқушылардың танымдық үдерістерінің даму деңгейін анықтау
46. Жобаны жүзеге асырудың тиімділігі мынаған тәуелді
- A) әрбір оқушыға зерттеушінің және жаңалық ашушының рөлін сомдауға мүмкіндік беретін шығармашылық ізденіс атмосферасын құруға
 - B) мұғалімнің жеке шығармашылық әлеуетінің ашылуына, оның педагогикалық шеберлігінің дамуына
 - C) сыныпты басқаруға, оқушылардың міндеттерін үйлестіруге, тәртіпті сақтауға
 - D) оқушылардың шығармашылық әлеуеттерінің ашылуына, олардың ұйымшыл болуына
 - E) ұжымның ұйымшылдығына
47. Күшті эмоционалдық әсер беретін өзін-өзі тану сабағының құрылымдық компоненті – бұл
- A) сүйіспеншілік
 - B) үй тапсырмасын тексеру
 - C) сабақтың дәйексөзі
 - D) топпен ән айту
 - E) идея

48. Өзін-өзі тану сабағының құрылымдық компоненттері
- A) жағымды көңіл-күй, оқиға әңгімелеу, шығармашылық іс-әрекет, топпен ән айту, ойын іс-әрекеті, кітап оқу
 - B) жағымды көңіл-күй, дәйексөз, рухани-адамгершілік әңгіме, шығармашылық іс-әрекет, сурет салу
 - C) жағымды көңіл-күй, дәйексөз, оқиға әңгімелеу және рухани-адамгершілік әңгіме, ойын іс-әрекеті, топпен ән айту
 - D) жағымды көңіл-күй, дәйексөз, әңгімелеу және рухани-адамгершілік әңгіме, шығармашылық іс-әрекет, топпен ән айту
 - E) дәйексөз, оқиға әңгімелеу және рухани-адамгершілік әңгіме, топпен ән айту, жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру
49. Өзін-өзі тану сабақтарында айтылатын әндерде
- A) сүйіспеншілік пен жағымды әуез болу керек
 - B) сюжет желісі мен идея болу керек
 - C) идея мен жағымды әуез болу керек
 - D) жағымды әуен және рухани-адамгершілік мазмұн болуы керек
 - E) мұғалім тарапынан әңгімеленген оқиға сипатталуы керек
50. Өзін-өзі тану сабағының барлық құрылымдық компоненттері мынаған бағытталған
- A) оқушылардың бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға, жағымды ойлауын қалыптастыруға
 - B) оқушылардың бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығаруға, сараптамалық ойлауын қалыптастыруға
 - C) оқушылардың санасында ұлттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыруға, жағымды ойлауын дамытуға
 - D) оқушылардың санасында қазақстандық патриотизм туралы түсінік қалыптастыруға, жағымды ойлауын дамытуға
 - E) оқушылардың санасында қазақстандық патриотизм туралы түсінік қалыптастыруға, сыни ойлауын дамытуға

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Әңгімелесудің мақсаты

- A) алдын ала мұқият құрастырылған сұрақтарды қою арқылы мұғалімнің оқушыларға жаңа материалды түсіндіретін оқыту әдісін қолдану
- B) өтілген материалдың меңгерілгендігін тексеру
- C) оқушылардың оқу материалын түсіну деңгейін анықтау
- D) бұрын меңгерілген білімдерді жандандыру
- E) оқушылардың жаңа материалды тануға деген дайындық деңгейін анықтау
- F) оқушыларға тәрбиелік әсер ету
- G) оқушылардың алдағы оқу-танымдық іс-әрекетке белсенді енуі үшін олардың зейіндері мен мүмкіндіктерін шоғырландыру
- H) диалогтық оқыту әдісін қолдану

52. Л.Н.Толстойтың пікірінше сүйіспеншілік дегеніміз

- A) әлемнің барлық ойшылдары ұстанған қасиетті заң
- B) адам өмірінің жоғарғы әрі жалғыз заңы
- C) адамдардың жан дүниелерінің бірлесуге деген ұмтылысы және осы ұмтылыстан пайда болатын іс-әрекет
- D) шатасқан жалған ілім
- E) туған еліңе деген сүйіспеншілік

53. Ертедегі Шығыс даналары сүйіспеншілікті былай түсінген

- A) адам өмірінің жоғарғы әрі жалғыз заңы
- B) рахаттану сезімі
- C) оның басы да жоқ, соңы да жоқ
- D) өмірдің табиғаты
- E) ол уақыттың барлық: өткен, қазіргі және келер шақтарында бар
- F) рухани сапардың бекзаттық жолы

54. Дұрыс әрекет жалпыадамзаттық құндылығы – бұл

- A) ойдың, сөздің және істің жақсылыққа бағытталуы
- B) жеке мүддені ойламастан, мақтау мен пайда күтпестен қызмет ету
- C) қоршаған ортаны гүлдендіру мақсатындағы ішкі мәдениет, парыз алдындағы адалдық
- D) адамзаттың өркендеуінің негізі
- E) мораль мен әдеп заңдары
- F) жүректе пайда болып, сөз формасында көрініс тауып, тәжірибеде іске асады
- G) жеке мүдделерге қол жеткізу
- H) ақиқатты ұстанудан туындайтын әрекеттер

55. Қиянат жасамауға тән ерекшеліктер
- A) байланып қалмау
 - B) зиян келтірмеу және басқа адамдардың қайғы-қасіретін жеңілдету үшін әрекет ету
 - C) табиғат заңдарын сақтау
 - D) барлығына сүйіспеншілік таныту
 - E) сезім мүшелерін қадағалау, тәртіп
 - F) барлық адамгершілік қасиеттерді қамтиды
 - G) тек тірі табиғатқа сүйіспеншілік таныту
 - H) барлық болмыстың бірлігін жете түсіну
56. Дұрыс әрекет жалпыадамзаттық құндылығының басты қағидасы төмендегіні білуді және орындауды талап етеді
- A) мораль заңдарын
 - B) табиғат заңдарын
 - C) достық заңдарын
 - D) әдеп заңдарын
 - E) оқыту мен тәрбие қағидаларын
57. Жоғары рухани мағынадағы сүйіспеншілік – бұл
- A) тек жақындарына ғана емес, барлық нәрсеге, барлық адамдарға деген сүйіспеншілік
 - B) туған еліңе деген сүйіспеншілік
 - C) өз анаңа деген, жақындарына деген сүйіспеншілік
 - D) тек туған еліңе ғана емес, барлық елдерге деген сүйіспеншілік
 - E) тек өз анаңа ғана емес, барлық аналарға деген сүйіспеншілік
58. Қиянат жасамау аспектілері
- A) экологиялық
 - B) экономикалық
 - C) әлеуметтік
 - D) жеке тұлғалық
 - E) саяси
59. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы сүйіспеншілік қағидасына сәйкес
- A) оқытудан гөрі жақсы көру
 - B) нәтижеге бағдарланған оқыту маңыздырақ
 - C) оқыту мақсаттарына қол жеткізу
 - D) қоғамға қызмет ету дағдыларын дамыту
 - E) рухани-адамгершілік білім беру үдерісін сүйіспеншілік қуатымен толықтыру қажет
 - F) адамның риясыз сүю қабілетін жарыққа шығару керек
 - G) талап етуден гөрі көмек беру керек
 - H) сүйіспеншілікпен ұйымдастырылған үдеріс нәтижеден маңыздырақ

60. Сократтың әңгімелесу әдісінің мәні анықталады
- A) бұрын меңгерілген білімдерді жандандырумен
 - B) оқушылардың оқу материалын түсіну деңгейін анықтаумен
 - C) Ақиқатты танудың диалогтық формасын қолданумен
 - D) диалогқа түсушілердің латенттік қабілеттерін жандандырумен
 - E) алдын ала мұқият құрастырылған сұрақтарды қоюмен
 - F) бірлескен әрекет арқылы орын алған мәселені айқындауға әңгімелесушілердің күш салуымен, диалог арқылы дұрыс жауапқа жетелеушінің бағыттауымен
 - G) философиялық пайымдаумен
 - H) өтілген материалдың меңгерілгендігін тексерумен

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Барлық нәрсенің өз қайыры бар

Бір патшаның қол астында данышпан адам болыпты. Ол ылғи да «Барлық нәрсенің өз қайыры бар» деп айтады екен.

Бір күні олар аң аулауға орманға барады. Патша аң аулап жүріп шынашағын кесіп алады да, ауырғанына шыдай алмай: «Ой, мен осынша азап көретіндей не істеп едім», - деп аң ұрады. Сонда данышпан оған: «Барлық нәрсенің өз қайыры бар», - деп байсалды жауап береді. Ал патша болса оны аяусыз, мейірімсіз деп, зынданға тастауға бұйрық береді.

Бірде патша аңға жалғыз өзі шығады. Сол кезде патшаны жергілікті тайпаның өкілдері ұстап алады да, құрбандыққа шалмақ болады. Құрбандыққа шалатын адамның бір саусағының жоқ екенін көреді де, он екі мүшесінің толық еместігін, ондайды құрбандыққа шалуға болмайтынын айтып, босатып жібереді. Патша өзінің сарайына қайтып келгеннен соң, зынданнан данышпанды алдырып, кешірім сұрайды. «Мен сенің сөзіңнің мағынасын енді түсіндім, сен жазықсыздан жазықсыз, қараңғыда, аш жаттың», - дейді. Сонда данышпан: «Егер сіз, мені зынданға тастамасаңыз, мен сізбен аңға бірге баратын едім, тайпадағылар сізді саусағыңыз болмағаннан соң құрбандыққа шалмады, ал менің саусақтарым түгел ғой», - деген екен.

61. Данышпанның бойындағы адамгершілік қасиеттер мына жалпыадамзаттық құндылықтың көрінісі
- A) дұрыс әрекет
 - B) қиянат жасамау
 - C) сүйіспеншілік
 - D) ақиқат
 - E) ішкі тыныштық
62. Патшаның данышпанды зынданға тастау себебі
- A) данышпан оны әдейі жарақаттады деп ойлады
 - B) данышпанның жүрегі мейірімсіз деп ойлады
 - C) данышпанның кесірінен қолымды жарақаттап алды деп ойлады
 - D) данышпанның жүрегі мейірімді деп ойлады
 - E) данышпан аңды өзі атып алғысы келді деп ойлады

63. Данышпанға тән адамгершілік қасиеттер
- A) қарсылық танытпау, пікір білдірмеу
 - B) даналық, ажырата білу қабілеті, байланып қалмау
 - C) сараңдық, көреалмаушылық, екіжүзділік
 - D) ізгілік, достық, жауапкершілік
 - E) жомарттық, өзгелер үшін қуана білу
64. Аңшылық кезінде патша
- A) жабайы аңнан қашты
 - B) аң атып алды
 - C) ар-ұждан дауысын естіді
 - D) шынашағын кесіп алды
 - E) аяғын жарақаттап алды
65. Тірі қалған патшаның
- A) барлық нәрсенің қайыры бар екеніне көзі жетті
 - B) барлық нәрсенің қайыры жоқ екеніне көзі жетті
 - C) данышпанға қиянат жасағанына көзі жетті
 - D) барлық нәрсе қайырлы бола бермейтініне көзі жетті
 - E) данышпанға дұрыс жаза қолданғанына көзі жетті

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Мінсіз ұстаз

Махатма Гандиды адамдар сыйлап өте жақсы көрген. Ол мінсіз ұстаз еді. Ол өз тәжірибесінен өткізбегенді ешқашан уағыздамағаны жайлы мына бір қызық әңгіме бар.

Бір күні Гандиге он жасар немересін жетектеген әйел келеді. Иіліп сәлем берген соң ол: “Ұстаз! Мына бала – бес жасында жетім қалған қолымдағы немерем. Ол тәттіні өте жақсы көреді. Дәрігерлер оның денсаулығына байланысты тәтті жеуге тыйым салса да, оларды тыңдар емес. Ал, сені немерем қатты сыйлайды және пір тұтады. Сондықтан, немереме оған тәтті жеу зиянды екеніне сендіруді сенен өтінемін. Бұл – тек сенің қолыңнан келетініне сенімдімін”. Махатма: “Мазасызданбаңыз. Бір айдан соң немеріңізбен келіңіз. Осы уақыт ішінде мен адам үшін денсаулығы байлығынан да маңызды екеніне сендіру үшін бір амал тауып қоямын”, - дейді.

Тура бір ай өткенде әжесі мен немересі қайта оралады. Сәлемдескен соң Ганди баланы қасына отырғызып былай дейді: “Балашым, біліп қой: нағыз байлық – денсаулық. Егер өзіңе күтім жасамасаң, сен дені сау және күшті жігіт болып өсе алмайсың. Ал, әлсіз адам өмірінде еш мақсатқа жете алмайды. Егер ағзамызға бір тағам зиянды болса, біз оны жеуді тоқтатуымыз керек. Ертеңнен бастап сен тәтті жеуді тоқтатасың. Әрине, біраздан соң сен тәтті жей аласың, бірақ шектеулі мөлшерде ғана. Сен өзің ақылды бала екенсің, менің тілімді аласың ғой?”

Бала басын изеп, келіседі.

Мұны естіген әже таң қалып, немересін сыртқа шығарып жібереді де, Гандимен жеке сөйлесуге ниеттеніп: “Ұстаз! Сұрақ қойсам бола ма? Немереме бүгін берген кеңесіңді сен бір ай бұрын да айта алатын едің ғой, солай емес пе?! Ендеше неліктен сен біздерге бір ай өткен соң келіндер дедің? Осыны түсінбедім”, - дейді. Ганди жылы шырай таныта отырып, мынадай жауап береді: “Қадірлім! Бір ай бұрын мен өзім де өте көп тәтті жеп жүрген едім. Енді айтыңызшы, өзімнің қолымнан келмегенді мен қалайша кішкене баладан талап ете аламын? Өзі орындай алмаған нәрсені өзгеден талап етуге ешкімнің де құқығы жоқ. Сондықтан маған да біршама уақыт керек болды. Бір ай бойы мен тәттіге қол созған жоқпын. Осыдан соң ғана немеріңізге кеңес беруге құқығым пайда болды”. Көпті көрген әйелдің өзі Гандидың тақуалығына бас иіп, ризашылығын білдіреді.

66. Балаға көмектесу кезінде Гандидің ұстанған қағидасы
- A) барлығын уақытылы орындау
 - B) дұрыс деп есептегенді іске асыру
 - C) өзің орындай алмағанды өзгеге орындауға ешқашан кеңес бермеу
 - D) ешқашан ойланбастан кеңес бермеу
 - E) денсаулыққа зиянды тағамды тұтынбау
67. Гандидің сол арада бірден кеңес бермеуіне себеп болған
- A) әженің ахуалы
 - B) баланың денсаулығы
 - C) ар-ұждан дауысы
 - D) эмоциялар
 - E) қателесу қорқынышы
68. Махатма Гандидің бойынан көрінген адамгершілік қасиеттер
- A) ерік күші, ұстамдылық
 - B) жанашырлық, мейірімділік
 - C) сүйіспеншілік, қайырымдылық
 - D) мұқияттылық, сенім
 - E) өз-өзіне деген адалдық
69. Махатма Гандидің бойынан көрінген адамгершілік қасиеттер келесі жалпыадамзаттық құндылықтың көрінісі
- A) ақиқат
 - B) қиянат жасамау
 - C) дұрыс әрекет
 - D) ішкі тыныштық
 - E) сүйіспеншілік
70. Әжесінің немересін Гандиге алып келуінің себебі
- A) ол ғана немересін тәттіден бас тартуға көндіре алатын еді
 - B) оның дәрігерлік тәжірибесі бар еді
 - C) оған емнің ақшасын төлемеуге болатын еді
 - D) одан басқа баратын ешкім болмады
 - E) бала ешкімді тыңдағысы келмеді

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.